

Таким образом, цифровое образовательное пространство представляет собой не просто технологическую трансформацию, но и ключевой, основополагающий вызов для гуманистического понимания образования. С одной стороны, цифровые платформы и аналитические инструменты открывают новые возможности для индивидуализации обучения и расширения образовательного опыта. С другой стороны, они создают реальную угрозу редукции личности до цифрового профиля, подчинения субъекта логике управляемости и внешних показателей успешности.

Потенциал и «правильный курс» цифровизации может быть реализован только при сознательном сохранении ценностно-ориентированного подхода, когда образовательная система рассматривает человека прежде всего как личность с внутренней субъектностью, ценностными ориентирами и способностью к рефлексии. Философская рефлексия в этом контексте становится неотъемлемым инструментом, позволяющим выявлять риски цифровой редукции, сохранять автономию обучающегося и формировать образовательные практики, которые поддерживают гуманистическое развитие личности в условиях цифровых трансформаций.

В условиях тотальной цифровизации современного общества, активного внедрения искусственного интеллекта, в том числе в сферу образования, человечество сталкивается со своей важнейшей ответственностью, которая заключается не в создании машин, мыслящих подобно нам, а в том, чтобы стать существами, способными мыслить и чувствовать так, как это достойно созданного нами интеллекта.

Литература

1. Аубакирова Ж. С. *Гуманитарные измерения цифровизации образования в Казахстане* // Вестник КазНУ. Серия философии. – 2021. – № 2. – С. 45–52.
2. Колумбаев Б. Е. *Хроно-топос человека* / Под науч. ред. Б. И. Карипбаева. — Караганда: Изд-во НАО «Карагандинский университет им. Е. А. Букетова», 2021. — 318 с.
3. Колумбаев Б. Е. *Избранные труды: В 2 т. — Т. 2. Со-ображения: ad hominem* / Под науч. ред. Б. И. Карипбаева. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2011. — 187 с.
4. Нысанбаев А. Н. *Философия и современность*. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2012. – 380 с.
5. Хабермас Ю. *Теория коммуникативного действия. Т.1: Рациональность действия и рационализация общества*. М.: Республика, 2001. 720 с.
6. Фуко М. *Надзирать и наказывать: рождение тюрьмы*. М.: ЛКИ, 2007. 350 с.

Тойғанбай І.М., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, филология факультетінің 1 курс магистранты
(*Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., профессор Е.Е.Түйте*)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЙЛАУАЛДЫ САЯСИ КОММУНИКАЦИЯ: ТЕОРИЯЛЫҚ ШОЛУ

Аннотация: Мақалада дискурс және мәтін ұғымдарының теориялық аспектілері қарастырылып, олардың тілдік және коммуникативтік сипаттары салыстырмалы түрде талданады. Дискурс нақты коммуниканттар арасында, белгілі бір уақыт пен кеңістікте жүзеге асатын сөйлеу әрекеті ретінде анықталып, мәтінге айналу процесі зерттелген. Мәтіннің тұтастығы, динамикасы және әлеуметтік-мәдени контексте өзара байланысы, сондай-ақ дискурстың құрылымдық ерекшеліктері мен коммуникативтік функциялары қарастырылады. Зерттеу барысында дискурстың мәтіннен айырмашылықтары, оның динамикалық сипатқа ие екендігі, әлеуметтік және когнитивтік аспектілерге тәуелділігі анықталады. Сонымен қатар, дискурсты зерттеуге арналған ғылыми еңбектер құрылымдық, адресаттық және коммуникациялық бағыттар бойынша жіктеледі. Мақала тілдік деректер арқылы адам танымы мен ойлау жүйесін зерттеу перспективаларына назар аударады.

Кілт сөздер: Дискурс, мәтін, мәтін лингвистикасы, саяси дискурс, коммуникативтік әрекет, әлеуметтік контекст, когнитивтік аспект, тілдік коммуникация, дискурстық зерттеу.

КІРІСПЕ

Қазіргі лингвистикада адам танымы мен ойлау жүйесін тілдік деректер арқылы танып-білуге бағытталған зерттеулер қарқын алып келеді. Ақпараттың көбейіп, ғылымда жаңа жаңалықтар мен деректердің ашылуы, сондай-ақ адам факторы мен тіл арасындағы өзара байланыстың жаңа деңгейге көтерілуі бұл бағыттың дамуына әсер етіп отыр. Бұл бағыттағы лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны ретінде мойындалған жоғары деңгейлі бірлік – мәтін. Өткен ғасыр ғылымында мәтіннің динамикалық табиғатын айқындауға ерекше көңіл бөлінген. Осыған сәйкес лингвистика ғылымында «коммуникация» және «дискурс» деп аталатын динамикалық мәтінді жаңаша қырынан зерделеу мақсатында мәтін лингвистикасы тығыз дамып келеді. Алайда бұл екі бағыттың зерттеу нысандары мен айырмашылықтары әлі толық ажыратылған жоқ, себебі әр зерттеуде түрлі анықтамалар мен тұжырымдамалар ұсынылады.

Тіл білімінде «дискурс» ұғымы ғылыми айналымға ХХ ғасырдың 70-80-жылдарынан бастап ене бастады. «Саяси дискурс» және «сайлауалды дискурс» ұғымдарын қарастыруға көшпес бұрын, «мәтін» мен «дискурс» сияқты іргелі ұғымдардың арақатынасын айқындап алу қажет. Қазіргі кезде бұл термин «мәтін», «сөйлесім», «функционалдық стиль» сияқты атаулармен қатар қолданылады. «Мәтін» ұғымына берілетін анықтамалардың бірнеше нұсқасы бар. Мәселен, И.Р.Гальперин мәтінді «сөйлеу-шығармашылық үдерістің

нәтижесі, аяқталғандық қасиетке ие, жазбаша құжат түрінде объективтенген және белгілі бір мақсаттылық пен прагматикалық бағыттылығы бар туынды» ретінде сипаттайды [1, 18]. Ал М.Н.Кожина мәтінді «коммуникация үдерісінде тілдің қызмет етуінің нәтижесі» деп анықтайды [2, 12]. Дегенмен мәтіннің тұтастық ұғымы толық мәнінде тек оның мәтіннен тыс факторлармен, соның ішінде экстралингвистикалық аямен тығыз байланысы арқылы ғана жүзеге асады. Тек тілдік деректердің өзі мәтіннің мәні мен өзіндік ерекшелігін толық ашуға жеткіліксіз, өйткені мәтіннің табиғаты әлеуметтік-мәдени, коммуникативтік, когнитивтік және өзге де аспектілерді ескеру арқылы ғана түсіндіріледі. Осындай пайымдау «мәтін» мен «дискурс» ұғымдарын ажыратудың негізінде жатыр [3, 69]. Осы мәселеге қатысты 1978 жылы Т.Н.Николаева дискурста мынадай түсінік береді: дискурс – лингвистикалық мәтін аясында әртүрлі мағынада қолданылатын көпқырлы термин. Ғалым оның негізгі белгілеріне байланысты мәтіннің тұтастығын, ауызша және жазбаша формада жүзеге асуын, диалогтық сипатын, мағыналық ортақтыққа негізделген пікір алмасу үдерісін, сондай-ақ сөйлеудің ауызша не жазбаша түрде көрінуін жатқызады. Ал Е.Ф.Киров дискурсты анағұрлым кең мағынада қарастырып, оны белгілі бір мәдени ортада, нақты бір тілде айтылған және жазылған барлық тілдік әрекеттердің жиынтығы ретінде сипаттайды. Зерттеушінің пікірінше, дискурстың мәні оның терең табиғатында жатыр, өйткені тіл мен тілдік форма арқылы жүзеге асатын коммуникация үдерісі үздіксіз дамып, үнемі зерттеуді қажет етеді және бұл үрдіс болашақта да жалғасын табады [4]. Мәтін лингвистикасының қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – голландиялық зерттеуші Теон Ван Дейк дискурсты мәтінді тек дайын күйде емес, оның қозғалыстағы, әрекет үстіндегі қалпын зерттеуге көшу ретінде түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша, дискурс – мәтіннің статикалық сипатынан динамикалық сипатқа өтуінің көрінісі. Ал XX ғасырдың 50-жылдарында Эмиль Бенвенист айтылым теориясын қалыптастыра отырып, француз лингвистикасында бұрыннан қолданылып келген «дискурс» терминіне жаңа мазмұн жүктеді. Ол дискурсты сөйлеушінің жеке тұлғасына, оның коммуникативтік ниетіне тән айтылымның сипаттамасы ретінде қарастырды. Осы тұрғыдан алғанда, дискурс – адамға тән қарым-қатынас формаларының бірі болып табылады. Ол мәтінмен тығыз байланысты болғанымен, екеуі бір ұғымды білдірмейді. Н.Д.Арутюнова анықтамасы бойынша, дискурс – бұл «өмірге ендірілген сөз», «оқиғалық қырынан қарастырылған мәтін». Дискурс пен коммуникативтік оқиға арасындағы байланыс туралы Т. ван Дейк те атап өткен, ал дискурстың лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға тәуелді екенін Е.С.Кубрякова мен Е.И.Шейгал көрсетеді [5]. Ғалым Г.Смағұлова «Шешендік сөздердің дискурсы» атты еңбегінде дискурс пен мәтіннің өзара айырмашылықтарын салыстырмалы түрде көрсетеді. Зерттеушінің тұжырымы бойынша, дискурс көбіне акустикалық сипатта жүзеге асатын, тілдік және тілдік емес амалдардың қатар қолданылуымен сипатталатын қарым-қатынас түрі болса, мәтін визуалды түрде қабылданатын, қалыпқа түскен сөйлеу әрекетінің нәтижесі болып саналады. Сонымен қатар дискурста қатысушылар арасында тікелей, бетпе-бет байланыс орнаса, мәтінде мұндай жеке контакт болмайды. Дискурс уақыт пен кеңістікте бір мезетте жүзеге асатын үдеріс ретінде сипатталса, мәтін әртүрлі уақыт пен кеңістікте қабылдана береді. Осыған байланысты мәтін когнитивтік әрекеттің жемісі, ал дискурс – үздіксіз жүріп отыратын коммуникативтік процесс ретінде танылады [6, 17-18]. А.Әділова дискурс пен мәтіннің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын айқындай отырып, дискурсты автор интенциясына, стильдік ерекшеліктерге негізделі отырып таңдалған тілдік құралдардың жиынтығы деп сипаттайды. Зерттеуші дискурстың мәтінге қарағанда ауқымы кең екенін, оның нақты уақытпен тығыз байланысты сөйлеу үдерісі екенін атап көрсетеді. Мәтін, керісінше, уақытқа тәуелсіз, мәдени кеңістікте өмір сүретін құрылым ретінде кез келген дискурста қайта өзектенуі мүмкін. Сондай-ақ дискурсты қайта жаңғырту мүмкін емес, ал көркем мәтін мұндай өңдеуге бейім келеді. Дискурс ақпаратты жеткізу тәсілі болса, мәтін ақпаратты сақтайтын әрі жаңа мағына тудыратын көпқабатты құрылым болып табылады [7, 235].

Жалпы алғанда, дискурс – нақты коммуниканттар арасында, белгілі бір уақыт пен кеңістікте жүзеге асатын сөйлеу әрекеті. Сөйлеу барысында өмірлік оқиғалар тіл арқылы жүйеленіп, дискурс нәтижесінде мәтінге айналып, тілде сақталады. Дискурстың негізгі белгілеріне тақырыптық тұтастық, жағдаяттылық, динамикалық өзгеріске бейімділік, әлеуметтік бағыттылық, құрылымдық әртектілік және мәтін шекарасының айқын болмауы жатады. Оның аяқталғандығы вербалсыз белгілер арқылы, яғни пауза, тақырып ауысуы сияқты көрсеткіштермен анықталады. Сондықтан дискурсты коммуникациялық қарым-қатынастан тыс қарастыру мүмкін емес. Ғылыми дискурс негізінен жазбаша түрде жүзеге асқанымен, қазіргі таңда семинар, конференция, симпозиум сияқты ауызша формалары да белсенді дамып келеді. Қазақстандағы сайлауалды кезең – саяси дискурстың ең белсенді кезеңі. Бұл уақытта: кандидаттардың митингілердегі сөздері; теледидардағы дебаттар; әлеуметтік желідегі үндеулер біртұтас саяси дискурстық кеңістік қалыптастырады.

Мысалы, 2019 жылғы Қазақстан Президентін сайлау кезеңінде саяси дискурс айтарлықтай белсенді болды. Саяси кандидаттардың сөз сөйлеуінде бірнеше негізгі ерекшеліктер байқалды:

Қоғамдық пікірге бағытталған сендіру стратегиясы: кандидаттар халықты экономикалық даму, әлеуметтік мәселелерді шешу және жастарға қолдау көрсету тақырыптарында сендіруге тырысты. Мысалы, БАҚ-та жарияланған сайлауалды бағдарламаларда «Жастарға арналған жаңа жобалар» немесе «Әлеуметтік қамқорлық» сияқты тақырыптар кеңінен қолданылды. Бұл сөйлеу әрекеттері дискурс тұрғысынан сендіру функциясына сәйкес келеді.

Медиа мен әлеуметтік желі арқылы дискурстық кеңістік кеңейту: кандидаттар Facebook, Instagram және Telegram сияқты платформаларды белсенді пайдаланды. Бұл – дискурстың виртуалды өлшемін кеңейту, аудиториямен тікелей байланыс орнату құралы.

Бағдарламалық мәтіндердің тілдік ерекшеліктері: кандидаттар мәтіндерінде позитивті бағалау лексикасын, «прогресс», «жетістік», «болашаққа сенім» сияқты терминдерді көп қолданды. Бұл сөздер саяси дискурстың бағалаушылық және сендіру функциясына сәйкес келеді. 2019 жылғы сайлауалды дискурс кандидаттардың сөздерінде әлеуметтік бағыттылық пен манипуляциялық элементтердің үйлесімін көрсетті.

Дискурсты зерттеуге арналған ғылыми еңбектерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады: біріншісі – дискурстың құрылымын зерттейтін еңбектер (мысалы, саяси мәтіндердегі лексика-стилистикалық құралдарды талдау); екіншісі – дискурсты адресаттың қабылдауы мен түсіну үдерісіне бағытталған зерттеулер (мысалы, нейролингвистикалық бағдарламалау мәселелері); үшіншісі – дискурс барысында қалыптасатын мәтін тұрғысынан тілдік коммуникация үдерісін қарастыратын жұмыстар (мысалы, саяси коммуникация).

Саяси дискурс – көп қырлы және әр түрлі деңгейде түсінілетін құбылыс. К.Кенжеқанова оны белгілі бір әлеуметтік кеңістіктегі адамдардың сөйлеу әрекеттері және осы әрекеттен туындайтын лингвистикалық, паралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың өзара әрекеттесуіндегі сөйлеу туындылары (мәтіндер) жиынтығы ретінде қарастырады. Дискурстың виртуалды өлшемі семиотикалық кеңістікте, оның ішінде вербалды және вербалды емес белгілер, тезаурус, сөйлеу әрекеттерінің модельдері және белгілі бір ортадағы жанрлар арқылы көрініс табады [8, 3].

Е.И.Шейгал саяси дискурстың негізгі сипаттарын анықтай отырып, оның институттық (қоғамдық институттардан байқалады және мәртебеге байланысты), бағалаушылық (ақпараттық сипаттан гөрі бағалау мен ықпал басым), фидеистік (тұлғаға сүйену және иррационалды), эзотерикалық (сөздер тек белгілі бір топқа ғана түсінікті), архаикалық және театралды сипаттары бар екенін атап көрсетеді [9, 34].

Саяси дискурс үш негізгі функцияны атқарады:

1. Билік құру және жүзеге асыру – Конституция, заңдар, жарлықтар және ресми құжаттар арқылы саяси билікті тиімді іске асыру;
2. Сендіру – қоғам мүшелерін «саяси тұрғыдан дұрыс» әрекет жасауға немесе дұрыс бағалау жасауға ықпал ету;
3. Манипуляция – арнайы әдістерді қолдану арқылы аудиторияның сыни ойлауын төмендету, адресатқа көрінеу жалған, бірақ тиімді деп саналатын пікірлер мен іс-қимылдарды қабылдату арқылы саяси органы өзіне қажетті бағытқа бағыттау [10, 41].

Саяси коммуникацияның зерттеу контекстінде, Ж.К.Ибраева саяси дискурс мәселесін қарастыра отырып, саясат ұғымын өзара байланысқан құбылыстар мен үдерістердің кешені ретінде сипаттайды. Ғалымның ойынша, саяси қызметті бірнеше аспектілер бойынша қарастыруға болады:

- әлеуметтік топ немесе қоғам мүддесіндегі ұйымдастырылған әрекет;
- әлеуметтік топ пен мемлекеттік билік арасындағы қатынастар жүйесі;
- саяси сана мен мәдениетке негізделген әрекет;
- саяси ұйымдар мен нормалар арқылы мақсат-мүдделерді жүзеге асыру құралы [11, 43-46].

Бұл жағдайда саясаткерлер мен азаматтар арасындағы қатынас – саяси коммуникацияның институционалдық сипаты ретінде алдыңғы қатарға шығады, өйткені әр түрлі әлеуметтік институт өкілдері (Үкімет, Парламент, Сенат, Мәжіліс) мен азаматтар арасындағы өзара әрекет осы коммуникацияны жүзеге асырады.

Саяси лингвистика саласында саяси коммуникация мен саяси дискурсты қарастыру маңызды болып табылады. Бұл тұрғыда тарихтан мысал келтіруге болады: грек ойшылы Платон сөйлеуді бес түрге бөлген:

1. Саяси – халық жиналғанда немесе жиналыста сөз сөйлеу;
2. Риторикалық – шешендердің сөйлеуі, тілдесу үдерісі;
3. Қарапайым ауызекі сөйлеу тілі (просторечная) – күнделікті өмірдегі сөйлеу;
4. Диалектикалық – сұрақ-жауап түрінде өтуі;
5. Ресми – әртүрлі кәсіби немесе өндірістік тілдесу.

Парламенттік дебаттардағы депутаттардың сөз сөйлеу стилі саяси дискурсқа нақты мысал бола алады.

Мысалы:

Риторикалық құрылым: кей депутаттар сұрақ-жауап формасында, аргументтерін дәйекті түрде қоя отырып, аудиторияны сендіруге тырысты. Бұл – Платонның «риторикалық» сөйлеу түріне сәйкес келеді. Бағалау мен позицияны көрсету: кей депутаттар экономикалық немесе әлеуметтік реформаларды талқылағанда «қоғам үшін маңызды», «ұлттық мүдде үшін» деген сөздерді қолданды. Бұл – дискурс арқылы аудиторияны сендіру және қоғамдағы пікір қалыптастыру құралы. Экстралингвистикалық факторлар: депутаттар дауысының интонациясы, бет-әлпет және паузаларды пайдалану арқылы сөзін эмоционалды түрде жеткізді. Бұл дискурстың вербалды емес белгілерін көрсетеді.

Саяси дискурс ауқымы кең және саясатпен айналысатын тұлға жан-жақты, кең білімді болуы қажет. Ол экономика, мәдениет, білім мен ғылым салаларынан хабардар болуы тиіс. Себебі саясатшы қоғамның барлық саласын меңгергенде ғана тиімді саясат жүргізе алады. Әсіресе саясат пен экономиканың бағыттарын дұрыс түсіну оған биліктегі орнын ұзақ сақтау мүмкіндігін береді, өйткені «әлемнің тілдік көрінісіндегі бір-бірімен тығыз байланысты, бірі екіншісінің шарты болып табылатын, уақыт пен мерзімге бағынбайтын, кейде ұлттық ұғымдардан да жоғары тұрған универсал-концепцияларға экономика мен саясат ұғымдары жатады» [12].

Зерттеуші А.А.Иманбаева «Қазақстан Республикасындағы саяси коммуникация: ерекшеліктері мен проблемалары» атты диссертациясында саяси коммуникацияны былай анықтайды: «Саяси коммуникация —

кез келген саяси институттың өмір сүруі үшін қажетті шарт. Ол билік үшін күрес жолында және билік қызметтерін іске асыруға аса қажетті жағдай. Саяси коммуникация – саяси өзара байланыстың барлық деңгейінде индивидтер мен топтар арасындағы үздіксіз ақпарат алмасу үдерісі» [13].

Осы тұрғыда саяси дискурс пен саяси коммуникация бір-бірін толықтыратын құбылыстар болып табылады. Саяси дискурс – бұл нақты әлеуметтік кеңістіктегі сөйлеу әрекеттері мен мәтіндер, ал саяси коммуникация – осы әрекеттер мен мәтіндердің жүзеге асу процесі, қоғамдық пікірге әсер ету механизмі. Сондықтан саяси лингвистикалық зерттеулерде бұл екі құбылысты бірге қарастыру қажеттілігі туындайды.

Қорытынды

Зерттеу барысында дискурс ұғымының тек дайын мәтін емес, нақты коммуникативтік жағдаятта, белгілі бір уақыт пен кеңістікте жүзеге асатын динамикалық сөйлеу әрекеті екені айқындалды. Ал мәтін – осы әрекеттің нәтижесі ретінде тілде сақталатын, құрылымдық жағынан тұтастыққа ие тілдік бірлік екені көрсетілді. Бұл екі ұғымның айырмашылығын нақтылау саяси дискурсты түсінудің теориялық негізін тереңдетуге мүмкіндік берді. Дискурс әлеуметтік, когнитивтік және экстралингвистикалық факторларға тәуелді күрделі құбылыс ретінде сипатталып, оның саяси коммуникациядағы орны ерекше екені дәлелденді.

Мақалада саяси лингвистиканың қалыптасу кезеңдері мен негізгі зерттеу бағыттары жүйеленіп, қазақ тіл біліміндегі бұл саланың даму ерекшеліктері көрсетілді. Қазақ саяси лингвистикасының дамуы ұлттық тарихпен, саяси дәстүрмен және тілдік жағдаятпен тығыз байланысты екені анықталды. Алаш қозғалысы көшбасшыларының тілдік мұрасы мен қазіргі саясаткерлердің институционалдық дискурсы салыстырыла отырып, саяси көшбасшылық тілінің тарихи трансформациясы айқындалды. Бұл саяси дискурстың уақыт пен қоғам талаптарына сай өзгеріп отыратын динамикалық жүйе екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері саяси дискурстың негізгі функциялары – билік жүргізу, сендіру және манипуляция – Қазақстандағы сайлауалды коммуникация барысында нақты тілдік деректер арқылы жүзеге асатынын көрсетті. 2019 жылғы президенттік сайлау мысалында кандидаттардың сөздерінде бағалауыштық лексиканың, позитивті концептілердің, болашаққа бағытталған ұрандардың белсенді қолданылғаны байқалды. Бұл дискурстың адресатқа ықпал ету, қоғамдық пікір қалыптастыру және электораттың сенімін арттыру мақсатында ұйымдастырылатынын дәлелдейді.

Мақалада негізгі терминдер – «саясат», «саяси», «көшбасшы», «лидер», «дискурс», «коммуникация» – тілдік және әлеуметтік контекстте талданып, олардың саяси мәтіндердегі қызметі нақты мысалдар арқылы ашылды. Бұл терминологиялық талдау саяси дискурсты кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік беріп, саяси лингвистиканың теориялық аппаратын нақтылауға үлес қосты. Жалпы алғанда, зерттеу саяси дискурс пен саяси коммуникацияны бір-бірінен бөлек емес, өзара тығыз байланысты құбылыстар ретінде қарастырудың маңызын көрсетті. Саяси дискурс – нақты әлеуметтік кеңістіктегі сөйлеу әрекеттері мен мәтіндер жиынтығы болса, саяси коммуникация – сол әрекеттердің жүзеге асу тетігі, қоғамдық санаға ықпал ету құралы болып табылады. Осы екі ұғымның бірлікте қарастырылуы Қазақстандағы сайлауалды процестерді тілдік тұрғыдан терең түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері болашақта Қазақстандағы сайлауалды дискурсты эмпирикалық материалдар негізінде талдауға, саяси манипуляция стратегияларын, аргументация тәсілдерін және саясаткердің тілдік имиджін зерттеуге негіз бола алады. Сонымен қатар бұл жұмыс саяси лингвистика, дискурс теориясы және коммуникация мәселелерімен айналысатын жас зерттеушілер үшін теориялық әрі әдістемелік бағдар бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., 1981.
2. Кожина М.Н. О функциональных семантико-стилистических категориях текста // Филологические науки. – 1987. – № 2
3. Филиппов К.А. Лингвистика текста: Курс лекций. – СПбГУ, 2003.
4. [http // www.krugosvet.ru.discourse](http://www.krugosvet.ru/discourse).
5. Малюга Е.Н. Функционально-прагматические особенности речевого поведения британских и американских участников межкультурной деловой коммуникации. – М.: Российский университет дружбы народов, 2007. – 196 б
6. Смағұлова Г.Н. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы, 2008
7. Әділова А. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдық репрезентациясы, семантикасы, құрылымы фил.ғыл.докт.диссертациясы. – Алматы, 2009. – 235 б.
8. Кенжекенова Қ.К. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі БАҚ-тың материалдары негізінде). Филология саласында «Филология» мамандығы бойынша философия (Ph.D.) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2015. – 94 б.
9. Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. – Волгоград: Перемена, 2000.
10. Садуақасова С.Ә. Медиамәтіндегі саяси метафоралар: әлеуметтік-лингвистикалық, педагогикалық аспектілері (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация). – Алматы, 2015.
11. Ибраева Ж.Қ. Қазақстанның саяси дискурсындағы саясаткерлердің тілдік тұлғасы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2010. – №2 (32).
12. Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам. – Алматы: «Қазақ университеті», 2005. – 140 б.

13. Иманбаева А.А. Қазақстан Республикасындағы саяси коммуникация: ерекшеліктері мен проблемалары. Саяси ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2010. – 153 б.

Уали. А.К., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, исторический факультет, гр. АЭ-23, студент
(Научный руководитель – к.и.н., Каженова Г.Т.)

КОЧЕВОЕ ХОЗЯЙСТВО КАЗАХОВ КАК СИСТЕМА АДАПТАЦИИ И ВЫЖИВАНИЯ В УСЛОВИЯХ СТЕПНОЙ СРЕДЫ

Работа выполнена в рамках проекта АР26103039 «Казахское кочевое население Степного края в годы гражданского противостояния (1918–1921 гг.): стратегии выживания».

Степь не прощала неподвижности. В условиях резко континентального климата, скудных осадков и неравномерного распределения кормовой базы выживание было возможно лишь при постоянном движении. Именно поэтому кочевое хозяйство казахов сформировалось как особая система адаптации к природной среде, где мобильность была не просто образом жизни, а необходимым условием существования. Перемещаясь вслед за сменой сезонных пастбищ, кочевники сохраняли продуктивность угодий и обеспечивали устойчивость своего хозяйства [1, с. 57–60].

Природа степи диктовала свои строгие правила. Трава появлялась и сохранялась в разных районах неравномерно: весной – в одних местах, летом – в других, а осенью – в третьих. В одних зонах она быстро выгорала, в других держалась дольше. В таких условиях длительное использование одних и тех же пастбищ неизбежно приводило к их истощению, поэтому перекочёвки становились жизненной необходимостью [2, с. 16–17]. Ситуацию осложняли природные бедствия, прежде всего джут, который мог за короткое время погубить значительную часть скота. Это заставляло кочевников заранее продумывать маршруты и искать запасные пастбища [3, с. 348–350].

Различия природных условий определяли и формы кочевой мобильности. В горных районах преобладали сезонные перемещения вверх и вниз по склонам, тогда как в степных регионах — дальние переходы между равнинными пастбищами. Их сочетание позволяло использовать разные природные зоны и снижать нагрузку на пастбища [1, с. 63]. В результате кочевое хозяйство представляло собой гибкую систему, в которой мобильность обеспечивала не только выживание, но и сохранение природного равновесия.

Традиционная система сезонных пастбищ — көктеу (весна), жайлау (лето), күзеу (осень), қыстау (зима) — представляла собой чётко выстроенную модель распределения нагрузки на природные ресурсы. Она не была случайным набором стоянок, а складывалась на протяжении веков как наиболее эффективная форма хозяйствования в условиях резкой сезонности степного климата. Именно такая организация позволяла поддерживать устойчивость хозяйства при минимальном воздействии на окружающую среду [1, с. 63].

Зима была самым тяжёлым этапом хозяйственного цикла. Поэтому зимние стоянки — қыстау — размещались в наиболее защищённых местах: в ущельях, балках, низинах, вдоль рек, где можно было укрыться от ветров и глубокого снега. Эти участки имели особую ценность, закреплялись за родами и передавались по наследству [2, с. 21].

Весна считалась наиболее уязвимым периодом, когда риск падежа скота был особенно высок. В это время көктеу выбирались там, где раньше всего появлялась свежая трава – в низинах, по долинам рек, на хорошо прогреваемых склонах. Здесь было важно соблюдать осторожность: чрезмерный выпас мог быстро истощить пастбища и подорвать основу хозяйства [5, с. 82–83].

Летние пастбища – жайлау – располагались в более благоприятных природных зонах: в горах, предгорьях и северных районах, где сохранялась влага, была гуще трава и больше водных источников. Именно здесь скот набирал силу, увеличивалась его продуктивность, создавались запасы, необходимые для зимовки [2, с. 22]. Лето становилось и временем социальной активности: проводились родовые собрания, праздники, свадебные обряды и состязания [3, с. 349–350].

Осенние пастбища – күзеу – играли подготовительную роль. В этот период животные накапливали жир, который становился главным ресурсом выживания зимой. Поэтому күзеу располагались в районах с ещё сохраняющейся питательной травой и более мягкими климатическими условиями после летней жары [6, с. 77].

Такая система сезонного использования пастбищ позволяла степной растительности естественным образом восстанавливаться: при чередовании выпаса она возвращалась к прежнему состоянию уже в течение одного цикла, тогда как постоянное использование одних и тех же угодий приводило к их истощению всего за несколько лет [11, с. 63–64]. Благодаря этому минимизировалось вытаптывание, сохранялась структура почвы и поддерживалось разнообразие растительного покрова [5, с. 80–83]. В этом и проявлялась экологическая рациональность кочевого хозяйства: оно было не просто приспособлением к природе, а продуманной системой взаимодействия с ней, где каждое сезонное перемещение имело своё значение и обеспечивало устойчивость как хозяйства, так и самой степной экосистемы.

Наряду с кочевым скотоводством в хозяйственной системе казахов существовали и дополнительные виды деятельности, которые играли важную поддерживающую роль. Они не заменяли основное хозяйство, но делали его более устойчивым в условиях природной нестабильности, нехватки кормовых ресурсов и